Әділет

# Қазақстан Республикасының Жер кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 143-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Жер кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Жер кодексін іске асыруға тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер қабылдасын және қабылдаған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 10 шілдедегі
N 143-ө өкімімен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Жер кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі

| N р/с | Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерінің атауы | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Қазақстан Республикасы | 2004 ж., | ЖРА, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Президентінің "Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқа да іс-шаралармен кешенді түрде жерді ұтымды пайдалану, топырақ құнарлығын сақтау және арттыру, жер ресурстарын қорғау жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама туралы" Жарлығының жобасы туралы | қазан | АШМ, ҚОҚМ |
| 2 | Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің әкімшілік-аумақтық бірліктері бойынша жеңілдікті бағаның мөлшерін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, АШМ |
| 3 | Жер телімдері жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайлананушылар жалға берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын, сондай-ақ жер телімдерін жалға беру құқығын сату үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, АШМ |
| 4 | Қызметтік жер үлесіне құқығы бар қызметкерлер санаттарының тізбесін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, АШМ |
| 5 | Жер теліміне меншік құқығына және жерді пайдалану құқығына берілетін құжаттардың нысандарын бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА |
| 6 | Жер теліміне немесе жер теліміне жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттық (конкурстарды, аукциондарды) өткізу және ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА |
| 7 | Ауыл шаруышылығы мен орман алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл және орман шаруашылығы өндірісі шығындарын өтеу әрі ауыл шаруашылығы мен орман | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, АШМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда оларды пайдалану нормативтерін және жердің құнарлы қабатын өнімділігі аз немесе өнім бермейтін алқаптарда салу кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу тәртібін бекіту туралы | | |
| 8 | Жерді пайдалану мен оның қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, АШМ, ҚОҚМ |
| 9 | Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібін және жер телімдеріне кадастрлық нөмірлер қалыптастыру мақсатында облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға, аудандарға және облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың тізбесін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, ҚОҚМ |
| 10 | Жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану тәртібін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, ҚОҚМ |
| 11 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жерлерді жатқызу және осы аумақтарға жерлерді резервте сақтау тәртібін бекіту туралы | 2003 ж., қыркүйек | ЖРА, АШМ, ҚОҚМ |
| 12 | Астана қаласының және басқа да республикалық маңызы бар қалалардың қала маңындағы аймағына енгізілген жерлерді пайланудың тәртібін бекіту туралы | 2003 ж., қараша | Астана қаласы, Алматы қалаларының әкімдіктері, ЖРА |
| 13 | Шаруа қожалығын немесе тауарлық ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жеке және заңды тұлғалардың жеке меншік, | 2003 ж., қараша | ЖРА, АШМ, облыстық, Астана қаласы, Алматы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | уақытша жерді пайдалану құқығында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдердің шекті (ең көп) мөлшерін бір әкімшілік ауданның (қаланың) шегінде бекіту туралы | | қалаларының әкімдіктері |
| 14 | Азып-тозған және ластанған жерлерді консервациялау тәртібін бекіту туралы | 2003 ж., қараша | ЖРА, ҚОҚМ, АШМ |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК